23225117090

ҰЙҒАРЫМ

2025 жылғы 09 желтоқсан №5165-25-00-2/2923 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.О. Рыскулбеков, талап қоюшы «АРАНШЫ-К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «Ремстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер туралы мәліметті енгізуді міндеттеу және қарыз соманы өндіру туралы талап қоюымен қозғалған азаматтық ісін қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы жоғарыда көрсетілген талаппен сотқа жүгінген, онда жауапкерге 2022 жылғы 2 қыркүйектегі «Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде 210 га жер учаскесінде инфрақұрылым құрылысы» жобасында есепке алынбаған тұрғын үйлерге төмен қысымды газ желілерін және 0,4 кВ электр желісімен жабдықтау» нысаны бойынша №93/1 қосалқы мердігерлік шарт негізінде 2022 жылғы сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер ретінде «АРАНШЫ-К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі туралы мәліметті енгізуді міндеттеуді және 928 037 теңге қарыз сомасын өндіруін сұраған.

2025 жылғы 17 қарашадағы сот ұйғарымымен жоғарыды көрсетілген азаматтық іс бойынша тараптар арасында медиативтік келісім бекітілген.

Алайда, сот ұйғарымының қарар бөлігінің тараптар арасында бекітілген медиациялық келісім шарттарының 1-бөлігінде нысан атауы толық көрсетілмей «Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде 210 га жер учаскесінде инфрақұрылым құрылысы» жобасында есепке алынбаған тұрғын үйлерге төмен қысымды газ желілерін және 0,4 кВ электр желісімен жабдықтау» орнына «Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде 210 га жер учаскесінде инфрақұрылым құрылысы» - деп қате көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 235-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады.

Осыған байланысты сот ұйғарымының қарар бөлігіне түзету енгізуді қажет деп санайды.

АПК-нің 235, 268-269-баптарын басшылыққа алып, судья

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «АРАНШЫ-К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «Ремстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер туралы мәліметті енгізуді міндеттеу және қарыз соманы өндіру туралы талап қоюымен қозғалған

азаматтық ісі бойынша 2025 жылғы 17 қарашадағы сот ұйғарымының қарар бөлігіне түзету енгізілсін.

«1. Жауапкер 2022 жылғы 2 қыркүйектегі «Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде 210 га жер учаскесінде инфрақұрылым құрылысы» нысаны бойынша №93/1 қосалқы мердігерлік шарт негізінде 2022 жылғы сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер ретінде «АРАНШЫ-К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі туралы мәліметті 2025 жылғы 29 қарашаға дейін енгізуге міндеттенеді» орнына «1. Жауапкер 2022 жылғы 2 қыркүйектегі «Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде 210 га жер учаскесінде инфрақұрылым құрылысы» жобасында есепке алынбаған тұрғын үйлерге төмен қысымды газ желілерін және 0,4 кВ электр желісімен жабдықтау» нысаны бойынша №93/1 қосалқы мердігерлік шарт негізінде 2022 жылғы сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер ретінде «АРАНШЫ-К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі туралы мәліметті 2025 жылғы 29 қарашаға дейін енгізуге міндеттенеді» - деп түзетілсін.

Ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына жеке шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **К.О. Рыскулбеков**

Құжатқа қол қойылған: Рыскулбеков К. О., 09.12.2025

5165-25-3-1/2861